

***Грипп. Парагрипп.
Құс тұмауы.***

Орындаған: Қадирбекова Ж

Қалдыбаев Н

Қабылдаған: Сагитова С


ЖОСПАРЫ:

- Кіріспе.
- Грипп. Этиологиясы. Эпидемиологиясы. Клиникасы. Алдын алу шаралары.
- Парагрипп.
- Құс тұмауы.
- Ресми деректер.
- Қазақстанда тіркелген оқиғалар.
- Алдын алу шаралары.
- Қорытынды.
- Пайдаланылған әдебиеттер.

ГРИПП(инфлюэнца):

□ *Gripp (Grippus)*-ауру қоздырғышы аэрогенді механизм арқылы берілетін, клиникасында жалпы улану белгілерімен және жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабатының зақымдалуымен, әсіресе трахеит белгілерімен көрінетін, эпидемия түрінде кең таралатын жедел вирустық инфекция. ДДҰ мәліметтері бойынша бүкіл әлемде 40млн. адам жұқпалы аурулармен ауырады, оның 90%-ы гриппен және жедел респираторлы вирусты инфекциялар құрайды. ЖРВИ тобында грипп маңызды орынды алады.

MedUniver.com
ВСЕ ПО МЕДИЦИНЕ....



Этиологиясы:

- Тұмау вирусы ортомиксовирус туыстығына жатады. Құрамына РНК-сы бар. Үш серотипін: А, В, С ажыратады.
- Тұмау вирусы шар тәрізді, липопротеинді қабықшасы бар, бүдірлермен қапталған. Екі гликопротеиннен құралған – **нейроминидаза** (10 тип асты) және **гемаглютинин** (13 тип асты). Вирустың А тобы антигенді қасиетін өзгертіп, бір антигенді немесе екі антигенді-антигенді шифт алмасуларға алып келеді. Бір антигенді алмасулар әрбір 2-3 жылда, ал екі антигенді алмасулар – сирек жүреді. Тұмаудың В вирусы А тобына қарағанда аз өзгерістерге түседі, ал С тобының құрылысы тұрақты, бірақ эпидемия, пандемия сияқты спорадикалық ауруларды тудырмайды.
- А типінің барлығы жануарларда адамға беріледі, тек құс тұмауы ғана (H5N1) жұғуы мүмкін. Шошқа ағзасында адам тұмауы мен құс тұмауы мутацияланып, генетикалық реассортацияға түсіп, патогенді вирусқа айналады.

СХЕМАТИЧЕСКАЯ СТРУКТУРА ВИРУСА ГРИППА

Ø 80-120 нм

Нуклеокапсид


РНК,
несущая
генетическую
информацию

Белковые
субъединицы

Гемагглютинин

Оболочка со специфическими
антигенами, образованная
частично из клеточных
элементов хозяина


Нейраминидаза



Эпидемиологиясы:

○ *Аурудың инфекция көзі*- гриппен ауырған науқас адам. Науқастың жұқпалылығы ауруының алғашқы күндерінде аса жоғары, катаральды белгілердің айқындылығына байланысты жөтелгенде, түшкіргенде, қатты сөйлегенде сыртқы ортаға көптеп таралады.

Инфекцияның берілу механизмі- аэрогенді, *таралу жолы* -ауа тамшылы. Эпидемиялардың қайталану уақыты мен аурушылылық деңгейі тұрғындардың жүре пайда болған типтік арнайы иммунитетінің ұзақтығына және вирустың антигендік қасиеттерінің өзгергіштігіне байланысты. Иммунитет А грипптен кейін 1-3жыл, ал В грипптен кейін 3-6 жыл сақталынады.



Патогенезі:

Тұмаудың патогенді әсері оның биологиялық қасиетіне: эпителиотроптылығына, улылығына және антигенді әсеріне байланысты. Патогенезінде негізгі 5 кезенді ажыратады:

- Вирустың тыныс жолдар клеткаларындағы репродукциясы.
- Вирусемия, токсикалық және токсикалық аллергиялық реакциялар. Әр түрлі мүшелер мен жүйелерге токсикалық әсері вирустың өзіне және клетканың ыдырау өнімдеріне байланысты.
- Тыныс жолдарының зақымдалуы.
- Тыныс алу жолдарының, басқа мүшелер мен жүйелердің бактериалды асқынулары.

Патогенез гриппа



- Патологиялық үдерістің кері дамуы.
- Вирусемия мен токсикалық әсер нәтижесінде қызба және жалпы улану белгілері дамиды.
- Қан тамырлар қабырғасының тонусының, өткізгіштігінің бұзылуы циркулярлық бұзылыстарға әкеп соғады.
- Респираторлы жолдар эпителиінің тосқауылдық қызметінің бұзылуы, лейкоциттердің фагоцитарлы белсенділігінің төмендеуі бактериалды асқынуларға, созылмалы аурулардың өршуіне әкеледі.

Клиникалық көріністері:

- Инкубационды кезеңі бірнеше сағаттан екі тәулікке (А тұмау) кейде 3-4 тәулікке (В тұмау) созылады.
- Ауру өте жедел, кенеттен, дене қызуының жоғары сандарға дейін жоғарлаумен жүреді. Қызба 2-5 күнге созылып, кейіннен қалпына келеді.
- Аурудың бірінші сағатында дене қызуы жоғары, қатты бас ауруы пайда болады, құсу, ұйқының бұзылуы (үркілі ұйқы, ұйқышылдық), көз алмасын қозғалтуда ауырсыну байқалады. Ауыр жағдайда қысқа мерзімді талмалар, галлюцинация, естің бұзылысы, менингиалды симптомдар (бұлшықет ригиттілігі, Кернинг және Брудзинский симптомы) болады.
- Интоксикацияның жоғарылауынан (күшеюінен) геморрагиялық синдром дамып, мұрыннан қан кетеді, теріде және шырышты қабаттарда **геморрагиялар пайда болады.**

Когда ОРВИ и ГРИПП атакуют



- Тұмауда катаральды синдром әлсіз және «құрғақ катар» түрінде жөтелумен, тамақтың қырнауымен, ауырсынуымен жүреді. Құрғақ жөтел, кеудеде қысу, басу сезімі болады.
- Объективті қарағандабеттегі әлсіз гиперемияға, склераның инъекциясына көңіл бөлінеді. Аңқаның тандайлық бадамша бездері шамалы гиперемирленген, әлсіз ісінген, жұтқыншақтың артқы қабырғасы түйіршіктелген.
- Тұмауда өкпе сегментарлы зақымдалып, сегментарлы өкпе ісінуі болады. Кеудеде тұрып қалу, ауа жетіспеушілік сезімі көрінеді. Ұзақтығы – 2-3 тәулік. Рентгенограммада – пневмония.
- Ауырлығы бойынша жеңіл, орташа, ауыр немесе токсикалық және гипертотксикалық формаларын ажыратады. Ауырлық дәрижесін интоксикация көрінісіне (гипертермия, неврологиялық симптомдар – бас ауру, бас айналу, естен тану, тырысулар, менингиалды симптомдар, жүрек-тамыр жүйесінің бұзылысы, циркуляторлы бұзылыстар және жүрек бұлшықеті зақымдалады) байланысты.



Тұмау асқыныстары

- 3-4 күнге қарай дене қызуы жоғарылайды, жөтел пайда болады, қанда нейтрофильді ығысумен лейкоцитоз болады.
- Екіншілік пневмония (пневмококктар, гемофильді таяқша, стафилококктар);
- Вирусты пневмония көбінесе жүрек және өкпе ауруларымен (СӨА) науқастарды өлімге алып келеді;
- Науқастардың 20-40 %-де түбір маңы пневмония дамиды. Ол нашар тыңдалады.
- Синуситтер, гайморит, отит, бронхит
- Менингит, менингоэнцефалит.



Алдын алу шаралары:

- Ең алдымен белсенді вакцинация. Вакцинаны болжамды нейроаминидаза және гемаглютинин негізінде жасалады. Қазіргі кезде поливалентті А,В,С вакциналар жасалуда.
- «Ваксигрипп»- тазарған инактивтелген тұмау вакцинасы 6 айдан 3 жасқа дейін.
- Тұмаулық тірі аллантоисты вакцина интраназальды қолдануға арналған 3-14 жастағы балаларға арналған.
- Тұмаулық тірі вакцина интраназальды қолдану үшін 7 жастан бастап, жасөспірімдерге және үлкендерге.
- Инфлювак (Нидерланды)
- Гриппал (Германия)
- Гриппол (Ресей)

Вакцина жүргізуге көрсеткіштер:

- ❑ -65 жастан жоғары адамдар
- ❑ -3 жасқа дейін
- ❑ -жүрек және өкпенің созылмалы ауырулармен ауыратын науқастар
- ❑ -қауіп топтары
- ❑ -инфекционисттер



Парагрипп

- Парагрипп ауа тамшылы жолмен жұғып, жоғарғы тыныс алу жолдарын зақымдайтын, ларингит және шамалы уланумен білінетін жедел вирусты инфекция. Парагрипп ел ішіне көп тараған, грипптен кейін екінші орынды алады.
- **Этиологиясы.** Парагрипп вирустары грипп қоздырғыштарына ұқсас, 4 түрлі вирустары парамиксовирустарға жатады. Вируста шығыршықты РНҚ, полисахаридтер, липидтер және үстінде орналасқан гемаглютин бар. Вирус сыртқы ортада төзімсіз, үй бөлмесінде 4 сағаттан кейін өледі. Дезинфекцияда, ультракүлгін әсерімен тез жойылады. Төменгі температурада ұзақ уақыт сақталады.

□ **Эпидемиологиясы.** Қоздырғыштарының көзі ауру адам. Науқас бір апта бойы (әсіресе 2-3 күндері) вирусты сыртқы ортаға таратады. Кісіге науқаспен жанасуда жұғады. Парагрипп инфекциясы жыл бойы кездесіп, күз, қыс айларында көбейеді.

□ **Патогенезі.** Вирус ауамен жоғарғы тыныс алу жолдарына түсіп, көмей маңындағы цилиндрлік эпителийлерді зақымдап, шырышты қабықтарды ісіндіріп, көмейді тарылтады. Иммунитет тұрақты емес.

- **Клиникасы.** Жасырын кезең 1-7 күн арасында. Ауру біртіндеп басталады. Аурудың бірінші күнінен бастап тамағы жыбырлап, дауыс қарлығып, күшті “ит үргендей” жөтел, мұрын бітеді одан кейін ринорея пайда болады. Үлкендерде дене қызуы, қалыпты немесе қысқа уақыт көтерілуі мүмкін.
- Жалпы улану шамалы, әлсіздік, дене ауырсынуы, бас ауыруы мүмкін. Ауыз жұтқыншақ шырышты қабығы қызарады. Балаларда, әсіресе жас балаларда ларингит ауыр жүреді, екі аптаға дейін созылады. Ауру қалдықсыз бітеді. Шеткі қанда өзгеріс болмайды. Аурудан кейін дамыған иммунитет тұрақты емес. Әртүрлі асқынулар (пневмония, круп) балаларда болуы мүмкін.

- **Диагнозы.** Клиникасы басқа жедел респираторлы аурулармен салыстырылады. Мұрынның қабығынан алынған жағындыдан вирустың антигенін анықтайды. Вирусологиялық және серологиялық диагностика жүргізуге болады. Ажыратпа диагнозды грипппен жүргізеді. Грипп жедел температура, уланумен басталады. Гриптің негізгі белгісі тахеит, парагриппте ларингит.
- **Емделуі.** Жеңіл және орта ауырлықты түрлерінде науқастар үйде емделеді. Оларға симптомдық емдер тағайындайды (аяғын жылы сумен ванна, қыша қағаз қояды). Ауруы ауыр науқастар ауруханада емделеді. Антибиотиктер бактерияльды флорамен дамыған асқынуларында ғана тағайындалады. Арнайы профилактикасы жоқ.




ҚҰС ТҰМАУЫ

□ Құс тұмауы – қоздырғышы H5N1 штамымен тарайтын жұқпалы аурушандық немесе үй және жабайы құстардың жоғарғы контагиозды вирустық ауруы. Тыныс алу жүйесін және ішек-қарын жолын зақымдайды. Ағзаны жалпы тежеумен сипатталады. А типті тұмаудың түрлерімен қоздырылады.

□ Үй құсы арасындағы құс тұмауының вирусы қоғамдық денсаулық сақтауға қауіпті. Өйткені, вирустар адамдарға жұғуы мүмкін.

□


- Адамдар үшін бұл дерт өте ауыр жағдайда өтеді. Жасырын (инкубациялық) мерзім орташа есеппен 2-3 күнге созылады. Ауру қалтыраудан, бұлшық еттердің ауыруынан, құсу, іштің өтуі, дене қызуының көтерілуінен басталады. Пневмонияның дамуы, бауыр мен бүйректердің зақымдануы да мүмкін.
- Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, құстың барлық түрі осы ауруды қабылдағыш келеді. Құс тұмауының вирусы шошқаларға да жұғуы мүмкін.



Эпидемиологиясы:

□ Бұл дерт ауа-тамшы жолымен берілетін жұқпалар тобына жатады. Яғни, жұғу тыныс алу жолдары арқылы болады. Ал, адамға жұғудың бірнеше жолы бар. Негізгілерінің бірі – күту кезінде жоғары потагенді тұмаумен ауыратын үй құсымен байланыс жасау немесе осы жұқпадан өлген ауру құсқа жақындау болып табылады. Адамға ауруды жұқтырудың басқа жолдары мыналар: үй немесе жабайы құстың шикі етін ұстау. Оның ішін жарып, мүшелеу кезінде және осы іспен айналысқан кезде жеке гигиена ережесін сақтамаған жағдайда. Жабайы құстар, әсіресе суда жүзетін үйрек, қаздар індеттің таралу көзі болып табылады. Үй құстарының ішінде бұл індетке тез шалдығып, індет көзі болатын –тауықтар мен күрке тауықтар. Олар тұмауды тез жұқтырып, жаппай қырылып қалады.

The genetic change that enables a flu strain to jump from one animal species to another, including humans, is called "ANTIGENIC SHIFT."
Antigenic shift can happen in three ways:



Клиникалық белгілері:

- Дене қызуы көтеріледі, тамақтың қызаруы, бұлшық еттердің әлсізденіп ауыруы, конъюнктивиттің пайда болуы, сөйтіп пневмонияға, жедел респираторлық ауруларға, өкпелердің вирустық қабынуларына тезұласады және бүкіл ішкі ағзалардан қан ағып, жедел өлімге әкеледі екен. Жасырын кезеңі үш күннен аспайды, Тіпті энцефалопатиялық, яғни психопатиялық жағдайлар, құрысу талмалары, галлюцинациялар, қан тамырларының бұзылуы, қан құсу және т.б. Мидың да ісінуі мүмкін.



Ресми деректер бойынша:

- Құс тұмауының вирусын адамдардың алғаш жұқтыруы 1997 жылы Гонконгта тіркелген. Онда құс тұмауы вирусының H5N1 түрімен 18 адам науқастанып, алтауы қайтыс болған. 2003 жылы құс тұмауы Вьетнамда, Камбоджада, Қытайда, Индонезияда, Лаоста, Пәкістанда, Кореяда, Таиландта, Тайвань мен Жапонияда тараған. Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, 2003 жылдан бері құс тұмауымен 100 адам сырқаттанған, олардың жартысының көбі өлген.
- Ресми деректер бойынша, 2005 жылдың 7 айында әлемде құс тұмауына шалдыққан 67 адам тіркелген, аталған кеселге негізін 25 жасқа дейінгі жастар шалдыққан ол 70% құрайды. Оның ішінде 25 адам өлген. 1997-1999 жылдардағы індеттерден кейін құс тұмауына қарсы вакциналар дайындала басталды, олар клиникалық сынақтардан өтуде.


Статистика заболеваемости и смертности от атипичной пневмонии, «птичьего гриппа» и вируса А/Н1N1

«Птичий грипп» (подтип H5N1 вируса гриппа А)

(2003-2009 гг., по состоянию на сентябрь 2009)

Последние три случая зарегистрированы в июне 2009 г.

Случаи передачи вируса от человека человеку единичны (большинство заболевших заразилось при контакте с домашней птицей)



442 262

● Количество заболевших (чел.)

● Количество смертельных случаев (чел.)

«Атипичная пневмония» (тяжелый острый респираторный синдром - ТОРС)

(ноябрь 2002- июль 2003 гг.)

Последний случай заболевания «атипичной пневмонией» был зафиксирован в июне 2003 г.



8096

774

«Свиной грипп» (подтип H1N1 вируса гриппа А)

(По статистике ВОЗ на 18 октября 2009 г.)

Количество заболевших – более 414 945

Количество смертельных случаев – не менее 4 999

(по статистике ECDC на 26 октября смертельных случаев – 5850)



414 945

5850

«Свиной грипп» в России

1349

4
3 – в Забайкалье
1 – в Москве

Қазақстанда тіркелген оқиғалар:

- Құс тұмауын ТМД елдерінің ішінде былтыр Қазақстан бірінші болып басынан кешірді. Былтырғы тамыз айында Қазақстанның үш облысындағы көлдерден, атап айтсақ - Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында жабайы құстардың өлімі тіркеліп және олардан аса жұқпалы H5N1 типтегі құс тұмауы анықталған соң, осы облыстардағы сегіз елдімекенде карантин жарияланған болатын. Олардың 4-еуіндегі карантин шаралары толық орындалып, қыркүйек айының басында олардан карантин алынып тасталды, қыркүйектің соңында аңшыларға құс атуға рұқсат берілген-ді.

Ал биылғы көктемде Қазақстанда құс атуға рұқсат болмауы мүмкін дейді мамандар. Былтыр құс тұмауы салдарынан Қазақстанда карантин жарияланған елді мекендерде барлығы 14 мыңдай тауық, үйрек, қаздар өртеліп, оған үкімет бюджеттен арнайы қаулымен 5 миллион теңге қаржы бөлетіндігін мәлімдеген еді. Мамандар биыл да құс тұмауы байқалған елді мекендердегі құстардың өртелетіндігін айтып отыр.



- Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында құс тұмауының таралуының алдын алу үшін төмендегі іс-шаралар жүргізілуде. Құс фермаларында ветеринарлық қадағалау, залалсыздандыру талаптары күшейтілген, құс тұмауына күдікті 5000 құс өртелінді. Шетелдерден және құс тұмауы тіркелген аудандардан құс өнімдерін тасымалдауға тыйым салынған.
- Жеке шаруашылықта үй құстарын күтуде арнайы киім, тұмылдырық кию, оларды күнделікте залалсыздандыру, құс тұмауына күдікті ауырған құрған құстарды басқаларынан жеде оқшаулап, мал дәрігеріне хабарлау, өлген құстарды өртеу, мұздатылған құс өнімдерін асқа пайдаланғанда гигиеналық және аспапты талаптарды қатаң орындау қажет.



Сақтану ережелері:

- Үй құстарын күту кезінде жеке басының гигиенасын сақтап, арнайы киім кию қажет;
- Құс және құс өнімдерін заңсыз сауда орындарынан сатып алуды әдетке айналдырмаған жөн;
- Құс етін мүшелегеннен кейін арнайы бөлшектегіш тақтаны және қолды мұқият жуу қажет;
- Құс пен жұмыртқаны дайындау барысында температуралық тәртіпті сақтаған жөн;
- Жұмыртқаны 10 минуттан кем емес қайнату керек;
- Құсты дайындау барысында 45 минут пісіру немесе қуыру қажет;
- Кәуап немесе «гриль» тауығы мұқият қуырылуы тиіс.
- Жеке басыңыздың гигиенасын сақтаңыз және оны балаларыңыздан талап етіңіз.
- Құстардың арасында ауру белгілері байқалған жағдайда, жедел түрде жергілікті ветеринар қызметкерлеріне, медицина, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарына хабарлап, ауырған құсты дереу оқшаулау;



Птичий
грипп
Не
пройдет!



Пайдаланылған әдебиеттер:

1 А.Қ. Дүйсенова Жұқпалы аурулар


2 www.google.kz

3 Покровский В.И. и др. Инфекционные болезни и эпидемиология. М.: ГЭОТАР-МЕД, 2004.-826с.

4 Шувалова Е. П. Инфекционные болезни. Ростов-Н/Д.: Феникс, 2001.-960с.

5 Малов, В.А. Сестринское дело при инфекционных заболеваниях

6 Қ.А.Жұманбаев, Ғ.К.Жұманбаева “Жұқпалы аурулар”



***Назар аударып,
тыңдағандарыңызға
рахмет!***